



**БЕКІТЕМІН
«Сейфуллин атындағы гимназиясы»
КММ директоры**

Г.А.Джакипова

Сыбайлас жемқорлыққа қары стандарт

*
Ұлытау облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы бійлм бөлімінің
«С.Сейфуллин атындағы гимназиясы»КММ

Осы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы 2015 жылғы 18 қарашадағы № № 410-V ҚРЗ Заңының 10-бабын орындау мақсатында әзірленді және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы тыйым салулар, шектеулер мен рұқсаттар жүйесі болып табылады. Ұлытау облысы білім басқармасының Сәтбаев қаласы білім бөлімінің «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ (бұдан әрі педагогтер мен мектеп ұжымы) мемлекеттік мекемесінің (мемлекеттік ұйымының) қызмет бағыттары.

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты білім беру үйімдарындағы сыбайлас жемқорлық көріністердің алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем тәзбеушілік болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлықта қарсы стандарттың міндеттері:

- Мұғалімдер мен мектеп қызметкерлерінің өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырудагы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінездүлкін және жауапкершілігін қалыптастыру;
 - сыйбайлас жемқорлық көріністерін уақытылы анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу;
 - білім беру ұйымдарының тәжірибесін арттыру;
 - Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және енгізу;
 - Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт білім беру ұйымдарының өз функцияларын жүзеге асыру және жеке заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру жөніндегі қызметінде қолданылады;
 - Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт білім беру ұйымдарының барлық мұғалімдері мен қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.
 - Педагогтер мен білім беру ұйымдарының қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қолданылуы мен орындалуына дербес жауапты болады.

4. Сыбайлас жемқорлықта қарсы стандарт белгіленген қағидаларды мұлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың ерекшеленген саласында жұмыс істейтін адамдардың әрекеттері мен шешімдерін аныктайды.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының 10-бабының 2-тармағына сәйкес өзгертілді.